



# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АҢСЕЛЕУІ

*(Ақаң туралы естеліктер және  
ғылыми мақалалар жинағы)*

«Дәуір» баспасы

ӘОЖ 821.512.122.0  
КБЖ 83.3 (5 қаз) Ұ46

Пікір жазғандар: ф.ғ.д., проф. Қайрат САҚ  
т.ғ.д., проф. Сатый СЫЗДЫҚОВ

Редакциясын басқарған **Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ**  
Материалдарды жинақтаған  
**Уржамал Абдуллақызы ӘЛМЕНБЕТОВА**

Ұ46 Ұлы Даланың Ақселеуі: (Ақзн туралы естеліктер жинағының кітабы)/ред.  
басқ. Қ. Салғараұлы, мат. жин. У.А. Әлменбетова. - Дәуір, 2015. - 660 б.

18В^ 978-601-204-270-2

Бұл кітапта Алаштың аяулы азаматы, ұлт рухының жапашыры, қазіргі заманғы казактану ғылымының негізін салушылардың бірі Ақселеу Сейдімбек туралы естеліктер жинақталған. Қазақтың зерделі ой мен кестелі сөзінің ең жарқын өкілдерінің **бірі, халықтың рухани** қу-ндылығын, өнсірі мен онегесін дәріптеген зерек ойлы ғалым-этнолог, өз ұлтының жоғын жоқтап, барын түгендеуден жалықпаған Ақан туралы әлі де талай естеліктер мен есте қалатын дүниелер туар. Бұл - сол **кітаптардың** алғашқысы және бастауы. Ақаң елінің ыстық ықыласына, ұлтжанды азаматтық ортаның ерекше ілтипатына бөленген жан болатын. Бұл кітап жүрегі ел деп сокқан азаматтардың Ақаң деген жүрекжарды махаббатының жемісі.

ӘОЖ 821.512.122.0  
КБЖ 83.3 (5 қаз)

Құраст. Әлменбетова У, 2015

18В^ 978-601-204-270-2

Дәуір баспасы, 2015

**БҰЛ КТАП АЛАШТЫҢ ҰЛЫ  
АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТИҢ  
РУХЫНА АРНАЛАДЫ**

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ  
халқының

шежіресі, ауызша тарихы, ата тарихы бізді отарлаушы елдердің көзқарасы тұрғысынан бұрмаланып жазылғаны күн өткен сайын әшкереленіп келеді. Әрине, бұндай тарих жас ұрпақты рухани мұрасынан қол үздіріп, келімсектердің идеологиясы негізінде калыптастырғаны талас тудырмайды. Кенестік дәуірде де біздің тарихымыз «КСРО халықтары тарихының» құрамында оқытылып келді. Ол оқу құралын оқыған оқушы өз халқының тарихы туралы өте қысқа, онда да бұрмаланып бағаланған деректер мен танымдар тұрғысынан тәрбиеленіп келді.

Тәуелсіздік заманында жазылған тарихи деректік еңбектердің көбісі ескі сүрлеуден шыға алмай, солардың сокпағымен жүріп келеді десек артық айтқан емес. Шындықтың өзі осындай. Өйткені, біздің өмірімізде, яғни тәуелсіздік туын қолға ұстап, тәуелсіз мемлекет құрсақ та деидеологизациялық саясат жүргізілмеді. Осы себептен де біздің ой санамызда рухани құндықтың таңбасы сыпырылмады. Тарихымыз келеңсіз кокыстардан арыла алмай келеді. Осы жағдайларға байланысты болса керек, біздің ресми жазылған тарихымыз жаңа танымдағы бүгінгі жас ұрпақты қанағаттандыра алмай отырғаны бекер емес. Осыдан келіп кейбір тарихшылар мен қалам иелерінің қазақ тарихын өзінше, өзіндік жаңа таныммен ясазып, жарыспалы оқулық немесе очерк типтес жанрмен жазып, ұсына бастағаны қуантады.

Ақселеудің жалпы қай сңбегін алып қарасаңыз, бәрі қазіргі қазақ шежіресіне қатысты. Оның еңбектерін зерттеп, зерделеген адам мол

# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ШЕШЕНІ

## МАЗМҰНЫ

Алғызсөз.....	3
<i>/ бөлім. Естеліктер</i>	
Асанәлі Әшімов. <b>Акселеу биігі</b> .....	6
<b>Нұртөре Жүсіп. Акселеу әлемі</b> .....	11
Өтеген Оралбайұлы. <b>Ұлытаудың басында ұлыған жел</b> .....	24
Абдрахманов С. <b>Акселеу</b> .....	36
<b>Айтұлы Н. Ағаны жоқтау</b> .....	49
<b>Айтұлы Н. «Дәурен-ай» Ақанның өзтағдырыша өзектес</b> .....	52
Артықбаев Жамбыл. <b>Аяқталмаған «Соңғы сөз»</b> .....	57
Айтбайұлы Талғат. <b>Ахасы еді қазақтың</b> .....	66
Амалбекова Марал. <b>Когда падают горы</b> .....	78
Әбжанов Ханкелді. <b>Акселеудей ұлыны тануға уақыт керек</b> .....	84
Абжанов Ханкелди. <b>Личность и исследователь Великой степи.</b> Слово об Акселеу Сейдимбек .....	93
Әлменбетова Үржамал. <b>Достықтары тамырға</b> айналған жандар .....	97
Әлменбетова Үржамал. <b>Жаны жайсаң жан еді</b> .....	106
Әлжантегі Төке. <b>Асқар тау ешқашан аласармайды</b> .....	109
Бексейіт Сэбит. <b>Біртуар асыл аға</b> .....	112
Алдабергенов Т, Бейсетаев Р., Бақриденқызы Б. <b>Акселеу Сейдимбек Айтекебитуралы</b> .....	116
Байырбек Назира. <b>Акселеу аманаты</b> .....	122
Қожамқұл Тамара. <b>Бар қазақтың атасы еді</b> .....	128
Досжан Дүкенбай. <b>Ұлы сағыныш туралы</b> .....	132
Дүйсенғазин Серікзат. <b>Алты алаштың ардақты ағасы</b> .....	137
Дүйсенбин Пернебай. <b>Акселеу биігі аласармайды</b> .....	141
Жолдасбеков Мырзатай. <b>Қазақтану ілімінің қара нар</b> .....	147
Жұртбай Тұрсын. <b>Саусағы сұлу сері</b> .....	153

## АҚСЕЛЕУДЕЙ ҰЛЫНЫ ТАҢУҒА УАҚЫТ КЕРЕК

Ханкелді ӘБЖАНОВ,  
т.ғ.д., профессор.

Ұлыларды танып-білу үшін уақыт қажет. Дүниеден озған қарапайым жандар жыл өткен сайын бізден алыстай берсе, ұлылардың жарқын бейнесі мен өшпес мұрасы тарих тозаңына көмілмейтіні былай тұрсын, қайта бұрынғыдан анық әрі қанық ашылып, өзі араласқан-құраласқан замандастарынан гөрі кейінгі ұрпаққа түсінікті де жақын тарта түсетін тәрізді. Олар тыңдырған істер мен көтерген идеялардың нәтижесі, өміршендігі уақытпен бірге өркештене, салалана, ірілене, дәйектеле бермек.

Қазақ: "Жақсының жаттығы жоқ", дейді. Сондағы жақсысы - ұлы адам дегені болар. Шынында да, нағыз ұлыны әрбір кәсіп иесі, әр жастағы ерлер мен әйелдер өз ақылшысындай, сырласындай қабылдайды ғой. Ақселеу Сейдімбектің ұлылығын, ұлт тарихы мен тағдырындағы қадыр-қасиетін ұғынуға талпыныс енді басталды. Бұл - интеллектуалдық ұзақ жолдың басы ғана.

Менің кәсіп тандау жолымда Ахаңның орны алабөтен десем, еш қателеспеймін. Бәрі орта мектепті аяқтап, Алматыға оқуға келгеннен басталды. Үйден шыққанда Қазақ университетінің философия факультетіне түсуге жоспар құрған едім. Ауылдағы көңіл қабылдау комиссиясында нілдей бұзылды. Философия факультетіне екі жышдық еңбек өтілімен қабылдайды екен. Мен мектепті енді ғана бітірген баламын. Сонда не істеу керек?

Қабылдау комиссиясынан сүмірейіп шығып келе жатсам, университеттің бас ғимараты алдындажерлесім Ақселеу Сейдімбеков тұр(Сейдімбек атанғаны тәуелсіздік тұсында). Ағасы Хасен мұғалім бізге алгебрадан сабақ берген. Сол мұғаліміміз - Ахаңның қасында-Қуанып кеттім. Сәлем беріп, жағдайымды түсіндірдім.

- Сен былай істе, - деді Ахаң бірден. - Философия - тарих<sup>қа</sup>

кын кәсіп. Құжаттарыңды тарих факультетіне тапсыр. Түссен, Лилософияны сонда жүріп-ақ игересің.

Бұған дейін Ахаңмен ауызба-ауыз сөйлеспесем де, сыртынан жақсы білуші едім. Танымал адамның сөзін жерге тастамайтын яуыл баласы емеспіз бе. Айтқанынан шықпадым, құжаттарымды тарих факультетіне тапсырып, сол 1971 жылы Қазақ университетінің студенттері қатарына қосылдым.

Осылайша, Ахаңның ақылымен кәсіби тағдырым анықталды. Ойлап тұрсам, Ахаң сонда бар болғаны 28-29 жастағы мөлдіреген жігіт екен ғой.

Уақыт өте берді. Ол кісі Қарағандыда, мен Алматыдамын. Етене араласып кетпесем де, газет-журналдарға жазғандарын оқумен "таныстығымды" тереңдете түстім.

Ахан "Социалистік Қазақстанға" ауысканнан кейін жақынырақ танысудың реті туды. Бір жолы редакцияда жолыққанымда көшпелілер өркениеті жайлы кітап жазып жатқанын айтып, ондағы қадау-қадау ойларымен бөлісті. Ұлы даладағы шаруашылық-мәдени кешен мен қоғамдық қатынастарға махаббаты, қылаудай шаң жуытқысы келмейтін ұстанымы сол заман үшін ғылыми-идеологиялық ерлікпен пара-пар еді. Қазақ хандығы, оған іргелес түркі мемлекеттері Еуропадағы өнеркәсіптік төңкерістерден, техникалық ғылым жетістіктерінен жырақ қалғанын, түптеп келгенде, отарлық қамытын киюге мәжбүр болғанын алға тартып көрдім. Уәжімді жоққа шығармаса да, Азияның қилы тағдыры еуропалықтардың ындынынын бұзықтығымен анықталғанын бірінші орынға қойды. Әңгіме қылған кітабы 1981 жылы "Күңгір-күңгір күмбездер" атауымен жарық көргенін жұртшылық жақсы біледі. Ал мен ғылыми пікір-таластың, ойды қисынды дәйектеудің алғашқы тамаша мектебінен өттім.

1986 жылғы желтоқсан қасіретінен кейін қуғынға ұшыраған Ахан М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына болар-болмас Қызметке орналасты. Достары күйінді, дұшпандары сүйінді. Ара-тұ-ра кездесіп қалғанда ашылып сөйлесе де алмадық. 1987 жылдың жазында пәтер алған едім. Қоныстойды сылтауратып, Орал женгей<sup>ек</sup>еуін жаңа үйге қонаққа шақырдым.

\*-ол күнгі отырыс әлі есімнен кетпейді. "Қызметтен қуылдым, ^тарымнан қалдым" деген ойдан қажыған Ахаң жоқ. Шешіліп

әңгіме айтты, балаларыма батасын берді, жеке кітапханаммен танысты. Көңілі қалап тұрған соң, жарық көргеніне көп бола қоймаған "Құран" кітабының орысша аудармасын сыйладым. Ең бастысы - қиыншылыққа қасқая қарсы тұрудың адам қызыққандық үлгісін көрдім. Азаттықтың ақ таңы осындай ерлердің арқасында атқанына енді көзіміз жетуде.

1992 жылы 30 қазанда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтындағы арнайы кеңесте докторлық диссертация қорғайтын болдым. Бірнеше күн қалғанда Ахаң кездейсоқ жолығып қалды да, ананы-мынаны әңгіме қылып, диссертация қорғайтынымды айтуға батпай, тарқап кеттік. "Ел құлағы - елу" деген емес пе. Біреулерден естіген Ахаң курстасым Нұрсан Әлімбаевқа: "Ханкелдінің мұнысы несі екен, әлде бірдеңеге ренжіп жүр ме, диссертация қорғайтынын менен неге жасырды?" деген ойларын айтыпты. Қалай болғанда да, қорғауға келіп, сәттілік тілеп, шаруалары бар екенін айтып, соңын күтпестен кетіп қалды. Ағаның мұнысы да маған сабақ болды. Үлкен басымен кішіге ілтипат көрсетуі Ұлы далаға тән ізгілікті кәсіпкерлеріміз екен ғой.

Елорда Алматыдан Астанаға көшкенде алдыңғы толқынмен Ахаң да келді. 2004 жылдан Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы "Еуразия" гуманитарлық зерттеулер ғылыми орталығында 5 жыл бойы бірге қызмет еттік. Бас-аяғы он шақты адамнан тұратын орталығымыз қыруар жұмыс тындырды. Оның ғылыми-шығармашылық әлеуеті қандай дәрежеге көтерілгені мына деректерден-ақ көрініп тұр: бас ғылыми қызметкер Ақселеу Сейдімбек "Қазақтың күй өнері" монографиясы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды, орталық директоры Мырзатай Жолдасбеков, бөлім меңгерушілері Қойшығара Салғараұлы мен Қаржаубай Сартқожаұлы әр жылдары Күлтегін атындағы сыйлықпен марапатталса, ақын Несіпбек Айтұлының "Бәйтерек" поэмасы дүниеге келіп, өзі "Парасат" орденімен ұлықталды. Орталық атынан ұсынылған айтыскер ақындар Аманжол Әлтаев пен Дәулеткерей Кәпұлы бірі ҚР еңбегі сіңген қайраткері атанса, екіншісі жаатарды "Дарын" мемлекеттік сыйлығын алды. Қаншама қызметкеріміздің қолдары пәтерге жетіп, қоныстойлары тойлады десеңізші.

Мырзекеннің бастауымен құрылған "Күлтегін клубы" қоғамдық бірлестігінің отырыстарына Астананың игі жақсылары жиналатын.

Күн құрғатпай БАК өкілдері келіп, небір тақырыптарға сұхбат алып жатушы еді. Сол жылдары Елбасының қабылдауында болған Мырзатай Жолдасбеков, Ақселеу Сейдімбек, Қаржаубай ағаларымыз орталықтың ғана емес, университеттің, ұлт ғылымы мен руханиятының мәртебесін асқақтатты.

Аханмен бірге қызмет ету, ойлап тұрсам, менің бейресми университетім екен. Бес жыл ішінде ұлтымыздың мәдени-имандық қасиеттерін элеуметтік-кәсіби біліктілікпен ұштастырудың, хәуелсіздіктің интеллектуалдық іргетасын бекемдеуге қызмет етудің толымды курстарын өткен тәріздімін.

Аханның тұла бойы талғампаздыққа, ұқыптылыққа, үздіксіз ізденіске, қарапайымдылыққа, қамқорлық пен жанашырлыққа толы еді-ау. Осының бәрі жүріс-тұрысынан, мұнтаздай киген киімінен, компьютерде бастыруға Үржамал мен Шолпанға әкелген қолжазбаларынан, тіпті насыбай атқанынан көрініп тұратын.

Интеллектуалдық жомарттығы мен дархандығын айрықша айтқым келеді. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың қай саласынан болмасын даярлығы мол Ахаң кесек-кесек ойларын ортаға салып, түркітану, қытайтану, мәдениеттану, тарих, этнология, өнер, тіл жайлы тың пайым-болжауларын, методологиялық ұстанымдарын жарияланбай тұрып-ақ әріптестерімен бөлісе беретін. Бұл аз болса, нақты тақырып бойынша жаңаша көзқарастың сұлбесін түсіндіріп, әрі қарай зерттеуге, жазуымызға жол сілтейтін

Бір ғана мысал келтірейін. 2004 жылы С. Сейфуллиннің 110 жылдығы тойланып жатты. Ерте көктем шамасы болса керек, орталықтағы кабинетімізде Сәкен шығармашылығы төңірегінде әңгіме қозғала қалды. Ақселеу ағам:

- Сәкен мұрасы - эвфемизм. Ол белгілі себептермен қолданылмайтын ұғым-түсінікті, яки сөзді, ойды басқаша жеткізуді білдіреді. "Аққудың айрылуы", "Ақсақ киік" - эвфемистік әдебиеттің классикалық үлгісі, - дей келе, маған қарата - Ханкелді, сен кеңестік Қазақстан мәдениеті тарихына осынау жаңа аксиологиялық пайым-Ды қолданып, Сәкен шығармаларың мысалға ала отырып, бірдеңе жазсайшы, - деді.

Шынында да, Ахан қозғаған ойдың салмағы зіл батпандай еді. Бүфаз кітаптарды ақтаруға тура келді. Бірер айдан сон мақаланың алғашқы нұсқасы жазылды, бірақ өзіме ұнамады. Екінші нұсқасы

жазышды, тағы ұнамады. Несін айта берейін, "осы дұрыс-ау" деген нұсқаны Ахаң бердім. Ертеңіне лаборантка Лаураға түзеткең нұсқасын қалдырып кетіпті. Қып-қызыл! Жаңадан жазылмаған бет, толықтырылмаған сөйлем жоқ. Бір ауыз хат жазған екен. Хат мәтіні мынадай: «Хангелді!

Сәкен туралы мына тезистерімнен бірдене шығаруға болатын сияқты. Табанымыз бір топыраққа тиіп, кіндік қанымыз бір топыраққа тамған ізбасар інілері ретінде Сәкен туралы қатар лебіз білдірсек - жарасар.

Сөйлемдер кедір-бұдыр - сүргілерсің, ойлар келте қайырылған - дамытарсың, деректері тапшы - толықтырарсың.

Бастауында Сәкеннің (жалпы тарихи тұлғалардың) орынын парықтауда жаңаша әдіснамалық ұстанымның керектігін негізгі мақсат ретінде салмақтап көрсет.

Жалпы бұл еңбек Сәкен өміріне қатысты белгілі деректі қайталау емес, ғылыми-теориялық ұстанымы тың, интеллектуалды өресі биік, айтары соны дүние болып шықса деймін ғой... Тәңірім ойыңа шабыт, бойыңа қуат берсін! Ағаң Ақселеу 31.05.2004 ж.».

Хатқа болашақ мақаланың нобайын қоса ұсыныпты:

«Жобасы былай болса:

Сәкен Сейфуллин феномені немесе (тарихи тұлға) тотальды репрессиялық идеология заманындағы тарихи тұлғаларды тану проблемасы.

Сәкен Сейфуллин және замаи (төл руханиятымызға жол) эвфемистік мәдениет туралы немесе төл руханиятқа жаңаша қарау.

Сәкен Сейфуллин және уақыт. Тоталитаризм. Репрессия. Эвфемистік мәдениет.

Осы түрғыда ойланшы.

Ақселеу

Р.З.Бауырым, бірлесіп жазу деген осылай болса керек...  
31.05.2004 ж.».

Ахаңның бастамасымен жазылған осы мақала кейін "Егеменде екеуіміздің атымыздан жарияланды.

Ақселеу ағамыз Отан тарихын зерттейтін ғылыми институттың Елордада болғанын аңсады. Ұмытнам, 2007 жылы Білім және ғылым миистрі Ж. Түймебаевқа осы мәселеге қатысты хат жазылған ді. Хат соңында қол қойған бір топ ғалымдардың ішінде Ахаң да бар. Сөзіміз нақты болуы үшін жеке архивімізде сақтап қалған хат мәтінін келтіре кеткенді жөн көрдім: «Қазақстан Республ икасының Білім және ғылым министрі Ж.Қ. Түймебаев мырзаға Ұсыныс

Ұлттық тарихымыздың зерттелу және насихатталу жайы кімді болсын бей-жай қалдыра алмайды. Отан тарихы ақиқат биігінен зерделенбей, ұрпақ тәрбиесін дұрыс жолға тусіру, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру эсте мүмкін емес. Ордалы ұжым — Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ұзақ жылдар бойы осынау абыройлы міндетті атқаруға сүбелі үлес қосып келгенін зиялы қауым жақсы біледі. Институт ғалымдарының қаламынан шыққан 5 томдық «Қазақ ССР тарихы», басқа да іргелі зерттеулер өз заманында қоғамдық-тарихи сананы өрге тартқаны күмән туғызбайтын шындық.

Ел егемендігі нығайған бүтінгі таңда отандық тарих ғылымының алдына аса жауапты міндеттер қойылып отыр. Солардың үдесінен шығу үшін Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтына қатысты бетбұрысты шешім қабылдау қажет. Соңғы бес жылда институт басшысының 3 рет ауысуы, ұжымның ғимараттан ғимаратқа көшуі бізді осындай пайым-ұйғарымға әкелді. Ең бастысы - Президентіміз Н. Назарбаевтың ғылыми-зерттеу институттарын ірі университетгермен біріктіру жайлы тапсырмасын жүзеге асыру эзірге күн тәртібінен түскен жоқ.

Астанада тарихшы ғалымдардың үлкен шоғыры бар, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің материалдық-техникалық базасы 50-60 адамдық ҒЗИ-ді орналастыруға жетіп жатыр, Есілдің сол жағалауында ұлттық археография және деректану орталығы жұмыс істеп тұр. Демек, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтын университет құрамына беруге ешқандай өөгесін жоқ. Ұсынысымыз жүзеге аса қалса, Астананың, яғни Та<sup>3</sup>уелсіздіктің де ғылыми-интеллектуалдық іргетасын нығайтуға

пәрменді серпін беріліп қана қоймайды, Ш. Уолиханов атындағы тарих және этнология институты тап қазір бастан кешіп отырған қиыншылықтарынан да арылар еді.

А.Сейдімбек, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері

Қ.Салғараұлы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері

Х.Әбжанов, тарих ғылымдарының докторы

З.Қабылдинов, тарих ғылымдарының докторы

Қ.Сартқожаұлы, түрколог, доцент».

Абзал ағаның бұл арманы да орындалды. 2008 жылдан бері Елордамыз Астанада Мемлекет тарихы институты жұмыс істеп тұр.

Сөйткен Ахаң 2009 жылғы 16 қыркүйекте дүниеден озды, 18 қыркүйекте жамбасы жерге тиді. Атасу елді мекенінен шығаберістегі Қарауылтөбенін басынан мәңгілік орнын тапты. Жерлеуге жиналған жұртта қисап жоқ еді. Жас қабірге топырақ салып, оқылған Құранға бетімізді сипаған соң, келген көлігімізге міне бастадық. Автобустағы алдыңғы орында Еуразия ұлттық университетінің профессоры, математик Нұрлан Темірғалиев жайғасқан болатын. Соның ұялы телефоны шырылдай жөнелді. Қоңырау шалған кісімен қысқа сөйлескен Нұрлан Жаңаарқада жүргенін айта келе, кенет орысшалап:

Великий Акселеу умер! - деп саңк етті.

Біз басымызды үнсіз изей бердік.

Алаштың әйгілі азаматы Акселеу Сейдімбектің шарапатын көп көрген жандардың бірі болғанымды мақтан тұтамын.



# ЛИЧНОСТЬ И ИССЛЕДОВАТЕЛЬ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ.

*Слово об Акселеу Сейдимбек*

**Ханкелді ӘБЖАНОВ,  
т.ғ.д., профессор**

92

16 сентября 2009 года - под утро «Кыдыр туни» священного месяца Рамазан - перестало биться сердце замечательного казахского ученого, яркого журналиста, общественного деятеля, лауреата Государственной премии РК, доктора филологических наук, профессора Акселеу Сланулы Сейдимбека. Безвременный уход из жизни крупного знатока истории и культуры Великой степи еще долго будет сказываться на судьбах и результатах общественно-гуманитарных наук Казахстана. Акселеу Сланулы Сейдимбек родился 12 декабря 1942 года в поселке Атасу Жанааркинского района Карагандинской области. Его отец погиб на войне против немецких захватчиков. Акселеу воспитывался в семье родного дяди Аманбека.

Он окончил обычную казахскую среднюю школу. Еще в школьные годы проявил интерес к творческому поиску. Много читал, любил поэзию, общался с работниками районной газеты. В храм исторической науки Акселеу вошел нсобычным путем. Ибо не обучался на профессионального историка. Однако понимание истории, первые навыки исторического мышления сложились у него с малых лет. Жанаарка, где он родился и получил школьное образование, воспитывала молодое поколение, как во многих казахских аулах и селах, на испытанных временем принципах народной мудрости и педагогики. Здесь дети росли, слушая народные песни и сказки, наслаждаясь кюями Таттимбета и Курмангазы, восхищаясь подвигами Алпамыса и Кобыланды. Видимо, раннее знакомство с фольклором привело в 1961 году А. Сейдимбека, успевшего поработать чабаном,

на факультет журналистики Казахского университета. Затянувшиеся студенческие годы, вызванные службой в рядах Советской армии открыли перед ним новые грани и тайны устного наследия предков. В 60-е годы вчерашний любознательный слушатель Ақселеу окончательно превратился в активного собирателя образцов фольклора Степи. В собирательный период жизни он опубликовал серию статей этнографического содержания.

На рубеже 60-70-х годов четко обозначился интерес молодого специалиста к проблемам духовного мира давно минувших эпох. Исходные методологические принципы научного познания своеобразия и особенностей истоков и природы традиционного казахского общества на основе осмысления и обобщения устной историологии самих же казахов и протоказахов нашли применение в его книгах «Ақиық», «Қыр хикаялары», «Тауга біткен жалбыз», «Кеніш». Это была хорошая заявка в историческую науку. Перед общественностью предстал оригинальный пропагандист исторических знаний, накопленных с незапамятных времен.

Уже тогда казахскоязычная аудитория читателей признала А. Сейдимбека нестандартно мыслящим историком и этнографом. Официальное признание историков, облаченных высокими учеными званиями и степенями, пришло потом. На формирование исторических взглядов А. Сейдимбека благотворное воздействие оказало в те годы общение с А. Маргуланом, Г. Мусреповым, А. Ермаковым, А. Сагиновым, Е. Букетовым, Ж. Бектуровым и многими другими выдающимися представителями отечественной науки, культуры и образования.

Отличительной чертой его творческой лаборатории стало постижение смысла и исторической значимости устной историологии Степи ради воссоздания научной картины кочевой цивилизации. Этому не помешала активная и плодотворная журналистская деятельность в изданиях комсомольских, партийных и советских органов, в которых он опубликовал огромное количество статей, заметок, рассказов из жизни современников, производственных коллективов, регионов республики. Многочисленные командировки по аулам и селам, встречи с теми, кого обычно называют ходячей энциклопедией фольклора, непосредственное знакомство и первичный сравнительно-сопоставительный анализ памятников

превности, средних веков, нового и новейшего времени еще больше укрепили интеллектуальную интуицию А. Сейдимбека. Информационно-источниковая база исследований расширилась поисками в библиотеках, творческим освоением всего того, что было написано по истории Казахстана.

В 1981 году в свет вышла книга А. Сейдимбека «Қунгір-қунгір кумбездер» («Поющие купола»), окончательно возвестившая о появлении исследователя с новой методологией и теорией научного познания. Хотя, справедливости ради, следует подчеркнуть, первые попытки реконструкции отечественной истории на базе легенд, преданий и шежере предприняли еще А. Кунанбаев, М.-Ж. Копеев, М. Тынышпаев, Х. Досмухамедов. Позже научно-познавательный и источниковедческий потенциал устной историологии органически вошел в исследования А. Маргулана и Е. Бекмаханова. Однако политические процессы начала 50-х годов и застой позднего социализма существенно осложнили введение в научный оборот богатейшей информации устного наследия коренного этноса для изучения его истории. Барьер времени преодолел А. Сейдимбек. Преемственность традиций в народном искусстве кочевой цивилизации, по его словам, «оказалась сильнее времени» (Сейдимбеков А. Поющие купола. А.: Жалын, 1985, с. 37). Лучшим подтверждением правильности методологических принципов устной историологии стало обоснование ученым того, что степные напевы и кюи тематически и по духу созвучны древнейшим музыкальным произведениям двух- или даже трехтысячелетней давности, что без особого труда прослеживается тесная связь между искусством слова и текстами песен степи с содержанием рунических памятников и более древних творений насельников Казахстана.

Устная историология степи, на которой воспитывались сотни и сотни поколений людей, которая широко и смело использовалась Л. Сейдимбеком как оригинальный источник по истории Казахстана, составляла информационно-методологическую основу его последующих исследований «Қазақтың күй онері», «Мир Казахов». В них автор раскрыл естественноисторический характер и содержание развития казахского народа до присоединения края России, вычленил роль и значение духовного наследия предков противостоянии и нейтрализации последствий колониальной

политики царизма и тоталитарной манкуртизации большевиков. В 2004 году за «Казактын куй онері» автор получил Государственную премию Республики Казахстан.

Еще одним крупным вкладом А. Сейдимбека в отечественную историографию является комплексное использование потенциала степной устной историологии для обоснования методологического положения о том, что история есть результат деятельности как всего этноса, так и выдающихся личностей, сумевших повести за собой народные массы. Богатейший материал в этом отношении собран в книге М. Жолдасбекова, К. Салгара и А. Сейдимбека «Елтутка».

Именно такая методологическая нацеленность и новизна позволили

А. Сейдимбеку собрать и систематизировать мифы, легенды и предания о музыкальном наследии Асанкайгы, Абылай-хана, Сайдалы Сары Тока и др.

Тоталитарная система на первых порах не опасалась собирательской и пропагандистской деятельности интеллектуального первопроходца. Ве насторожило появление исследователя нового типа. После известных событий в декабре 1986 года она показала свои когти и нравы. А. Сейдимбек лишается должности главного редактора журнала «Зерде», попадает под наблюдение спецслужб, ему навешивают ярлык националиста, вокруг него формируется антиобщественное мнение.

В те нелегкие для честных людей времена, мужественно преодолев трудности, А. Сейдимбек покорил новые вершины науки. С провозглашением независимости настал звездный час Личности и исследователя Великой степи. Последняя его монография «Казактын ауызша тарихы» является блестящим вкладом в толкование сути и предназначения шежире. XX век, век социальных потрясений и катаклизмов, выдвинул из среды казахов три Аха -Ахмета Байтурсынова, Ахмета Жубанова, Ақселеу Сейдимбека. Все они - истинные творцы в культуре и науке, несгибаемые борцы за справедливость и красоту. То, что жизненный и творческий путь последнего Аха - Ақселеу Сейдимбека продолжался до начала XXI века, еще раз символизирует преемственность поколений и идей в Великой степи, олицетворяет жизненную силу культуры этноса, научному постижению которой посвятил свою судьбу Ақселеу Слайулы Сейдимбек.



